

Құттықтаймыз!

**ШҚО балалар және жасөспірімдер кітапханасының ұжымы
кітапхана директоры Күлмария БАЛТАШҚЫЗЫН асқаралы алпыс
жасымен шын жүректен құттықтайды!**



*Тұлпардай артық етсіз кесімі де,
Гүлдей боп жайнап тұрған есімі де.
Шығыста бір ару бар Ұланымның,
Тербелген ұлағатты бесігінде.*

*Тер төгіп мәдениет саласында,
Қалтқысыз қызмет еткен Алашына.
Кітап деп білген жан ол бұл өмірде,
Көзінің ағы менен қарасын да.*

*Балалар мен жастардың анасындай,
Көңілі қазақтың кең даласындай.
Алпысқа асқаралы толды бүгін,
Дәл сол жан, міне, бүгін нанасың ба-ай?!*

*Кім десең Балташқызы Күлмария,
Ол жанның жүрген жері жыр-дария.
Өресі – Алатауда Хантәңірі,
Білімі – толқып аққан Сырдария!*